

"Емдік препараттарды дайындау мен сатуға байланысты қызметтерді лицензиялау Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1624 қаулысын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 761 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 858 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2020. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 310 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 № 310 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1624 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 маусымдағы N 621 қаулысын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Емдік препараттарды дайындау мен сатуға байланысты қызметтерді лицензиялау Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1624 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 30 қарашадағы N 761 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Дәріханалық ұйымдары жоқ елді мекендерде орналасқан фельдшерлік-акушерлік пункттер арқылы дәрілік заттарды сату Ережесі (10-қосымша) " ;

Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 10-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Денсаулық	Қазақстан	Республикасы
2002	сақтау	министрінің
жылғы	16	қыркүйектегі
N 858 бұйрығына қосымша		

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
агенттігі төрағасының
бұйрығына 10-қосымша

Дәрілік заттарды дәріханалық ұйымдары жоқ елді мекендерде орналасқан фельдшерлік-акушерлік пункттер арқылы сату Ережесі

1. Дәріханалық ұйымдары жоқ шалғайдағы елді мекендерде тұратын халықтың дәрілік заттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында дәрі-дәрмек құралдарын сату "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1624 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 маусымдағы N 621 қаулысына сәйкес Фельдшерлік-акушерлік пункттер арқылы жүзеге асырылады.

2. Дәрілік заттарды фельдшерлік-акушерлік пункттер арқылы сатуды ұйымдастыру жауапкершілігі аудандық денсаулық сақтау бөлімдері мен облыстық денсаулық сақтау басқармаларына (департаменттеріне) жүктеледі.

3. Дәрілік заттарды фельдшерлік-акушерлік пункттер арқылы сатуды ұйымдастыру кезінде аудандық денсаулық сақтау бөлімдері фельдшерлік-акушерлік пунктке дәрі-дәрмек құралдарын сақтау және сату жағдайларын қамтамасыз ету үшін тиісті санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес үй-жай береді.

4. Фельдшерлік-акушерлік пунктте дәрілік заттарды сатуды аталған фельдшерлік-акушерлік пункттің қызметкерлері құрамынан жоғары немесе орта медициналық білімі бар, дәрілік заттарды сақтау және сату мәселелері бойынша аттестатталған адам жүзеге асырады.

5. Емдік преператтарды (бұдан әрі - лицензиаттар) сатуға байланысты қызметке мемлекеттік лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар белгіленген тәртіпте осы фельдшерлік-акушерлік пунктте дәрілік заттардың бөлшек саудасына құқық беретін лицензияға сәйкес қосымша алуы тиіс.

6. Лицензиат фельдшерлік-акушерлік пункттердің өтінімдеріне байланысты дәрілік заттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ұсынады.

7. Егер дәрі-дәрмек құралдарын сатуды науқастарға рецепт жазып беретін фельдшерлік-акушерлік пункттің меңгерушісі жүзеге асыратын болса, онда тегін түрлерін қоспағанда, дәрілік заттар рецептісіз босатылады.

8. Дәрілік заттарды тегін босату Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Лицензиаттар мен Фельдшерлік-акушерлік пункттердің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде қажетті мүккәмалдармен жарақтандыру, шартпен реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК